

**«Қазақстан халқына» ұлттық қайырымдылық І конференциясының
қорытынды отырысының
декларациясы
2022 жылғы 16 қыркүйек**

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 13 маусымда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) атқарған жұмыстары туралы ақпаратты тындап, қоғам мен қоғамдық институттардың Қордың мақсатты бағыттарын анықтау үдерісіне барынша белсенді тартылу қажеттілігін атап өтті.

Осы кездесудің қорытындысы бойынша Қор барлық қатысушы тараптардың мүдделері ескере отырып, **Қордың** толықтырылған жаңа **Тұжырымдамасы мен Проспектісін** әзірлеуді бастады. Осы процестің тиімділігін арттыру және оның кешенді тәсілдерін анықтау үшін барлық тараптардың қатысуымен екі айлық Конференция өткізілді.

«Қазақстан халқына» І ұлттық қайырымдылық конференциясы 2022 жылғы 1 шілдеде басталды. Екі жарым ай ішінде ҮЕҰ-ның 1 173 өкілінің қатысуымен 43 zoom-кездесу болды. Барлығы 20 өңірде дөңгелек үстелдер жиындары ұйымдастырылып, оларға 1997 адам қатысты. Қордың донорларымен 13 жан-жақты қамтылған сұхбаттасу, 149 сарапшының қатысуымен 5 панельді сессия өткізілді.

Қордың жаңартылған **Тұжырымдамасында** Қор қызметінің миссиясы, бағдары, қағидалары мен Қордың құндылықтары өзектендірілді. Қордың Жарғысында бекітілген Қор қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес Қор жұмысының бағыттары жүйелендірілді:

1. Елдің барлық аумағында функциональды жабдықтар мен құралдардың материалдық-техникалық жабдықталуына көмек көрсету.

Оның критерийлері:

- 1) ағымдағы жағдайдың маңыздысы
- 2) аса қажеттілік;
- 3) тапшы болуы;
- 4) заманауи;
- 5) заманауи және/немесе инновациялық.

2. Азаматтардың қалыпты емес, қатып қалған оқу жағдайын кеңейтуге жәрдемдесу

1) кәсіби кадрлардың (медициналық, педагогикалық, инженерлік мамандардың, реабилитологтардың және т.б.) біліктілігін арттыру;

2) балалар мен жастарға қосымша білім беру;

3) ересектердің өздігінен білім алуы (қоғамдық орталықтар, кітапханалар, жеке оқу, медианы қарап шығу, театрлар, мұражайлар, галереялар, концерттер, мәдениеттің, өнер мен туризмнің өзге қызметтерін тұтыну).

3. Халыққа әлеуметтік қызметтер көрсетудің қолданыстағы жүйелерінің, құралдары мен үдерістерінің тиімділігін арттыруға қатысу.

1) жүйе – заңнаманы жетілдіру, соның ішінде трансплантология саласындағы заңнаманы жетілдіру, зерттеулер жүргізу, инфрақұрылымды дамыту;

2) құралдар – ҮЕҰ тәжірибесін және өзге әлеуметтік жобаларды тираждау;

3) процестер – қаржыландыру көздерінің тұрақтылығын арттыру (эндаументтерді, мақсатты капиталдың өзге түрлерін жасау, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау).

4. Әлеуметтік инновацияларды қолдау және оны енгізу.

1) қолданыстағы шешімдерге қарағанда анағұрлым тиімді және пайдасы белгілі бір топқа ғана емес көпшілікке тиетін ықпалды, төзімді немесе әділ әлеуметтік мәселелердің жаңа шешімдерін қолдау;

2) емдеудің инновациялық әдістерін қолдау.

5. Айрықша жағдайларда жекелеген азаматтарға мақсатты көмек көрсету.

1) шетелде емделуге мүмкіндіктері жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарын медициналық емес себептер бойынша тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің аясында шетелге емделуге жіберу;

2) әртүрлі аурулар мен науқас күйлерді емдеуге қажет бірақ мемлекет онымен қамтамасыз етпейтін дәрілік препараттарды сатып алу;

3) айрықша жағдайларда жекелеген жеке тұлғаларға атаулы көмек көрсету.

6. Төтенше жағдайлар кезінде кешенді көмек көрсету.

Қор Проспектісі құрылымдастырылған жиынтық құжат болып табылады, оған барлық мүдделі тараптардың ұсыныстары мен түсіндірмелері кіреді.

Бүгінде біз Қор қайырымдылық қызметі аясында НЕ істеу керектігін нақты айқындадық. Қазіргі күн тәртібінде ҚАЛАЙ жұмыс істеу керек деген мәселе тұр. Бәріміздің алдымызда орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, ал екінші жағында тұрған донаторлар, ҮЕҰ және қоғамдық белсенділер арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін құру бойынша үлкен жұмыстар тұр.

Бұл жұмыстарда Қордың жоғары органы болып табылатын Қамқоршылық кеңес маңызды рөл атқарады. Қамқоршылық кеңес – Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын бекітеді және барлық стейкхолдерлер арасындағы негізгі көпір. Қордың жарғысына сәйкес Қамқоршылық кеңес мүшелерінің үштен бірі жыл сайын ротацияланады. Сондықтан жақын арада Қор үкіметтік емес ұйымдар ұсынатын Қамқоршылық кеңес мүшелігіне кандидаттар пулын құруды ұйымдастырады және оның талаптарын пысықтайды.

Осы айтылғандарды ескере отырып Конференцияның 2022 жылғы 16 қыркүйекте онлайн-форматта өткен қорытынды отырысының қатысушылары мынадай жағдайларға қатысты **ортақ көзқарасын білдірді**:

1. Екі айлық жұмыстың қорытындылары бойынша жан-жақты қарастырылған және мақұлданған **Қордың Тұжырымдамасы мен Проспектісі**

Қордың қайырымдылық жасау қызметінің нәтижесін кеңейту, белсендіру және арттыруда негізі бағыт болады.

2. Қордың Қамқоршылық кеңесі барлық мүдделі тараптар арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

3. Қалыптастырылған «Әлеуметтік дамудың өзекті мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтінім» кері байланысқа ие болады және «азамат – бизнес - мемлекет» үштігін жаңадан ұғыну аясында өзара әрекеттесудің ықпалды құралына айналады.

3. Қордың донорларымен тиімді ынтымақтастық Қордың тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. «Самұрық-Қазына» қорының таза табыстан кем дегенде 7% мөлшеріндегі қаражатын жыл сайын аудару Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларының ұзақ мерзімді тиімділігі үшін маңызды болады.

4. Қордың донорларымен тиімді ынтымақтастық орнатуы Қордың тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. «Самұрық-Қазына» қорының жыл сайын аударуға жоспарланған таза кірісінің кемінде 7% - ы мөлшеріндегі қаражаты Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларының ұзақ мерзімді тиімділігінде маңызды мәнге ие болады.

5. Қордың ашықтығы және барлық үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық ету ниеті барлық мүдделі тараптардың қайырымдылық қызметінің синергиялық әсеріне жетудің негізі болады.

6. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мемлекеттік сектордағы әрекет қағидаларын өзгертуге ғана емес, сондай-ақ жалпы қоғамдағы, үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл қағидастарына әсер етеді. Осыған орац Қордың Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен ынтымақтастық туралы меморандум аясындағы өзара іс-қимыл жасау жөніндегі бастамасы құпталады.